Вот такие жизненные истории, в которых переплелись любовь, воинский долг, кредит и закон, встречаются в воинских частях. Но эта история — позитивная, и обещает успешную развязку. Во всяком случае, ефрейтор Черепанов не сомневается в этом. И служба будет пройдена, и семья его ждет, и долги по кредиту не растут. Подрастают лишь его дети.



## ХАТ-ХАБАР

## КҮЗГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Түркістан облысында күзгі мерзімді әскери қызметке шақыруға дайындық бойынша жиналыс өтті. Өңірдің қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, полковник Нұрмаханбет Дүйсебаев көктемгі науқанды қорытындылап, алдағы күзге арналған жұмыс жоспарын қатысушыларға жеткізді. Өткен көктемде Қарулы күштер, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары қатарына облыстан екі жарым мыңнан астам адам шақырылды, олардың мыңға жуығы Қарулы күштерге жіберілді.

Кеңес барысында облыстық қорғаныс істері департаментінің бастығы көктемгі әскерге шақыруды сәтті аяқтауға ерекше назар аударды, ол жоспардың 104%-ға артығымен орындағанын атап өтті. Полковник Дүйсебаевтың айтуынша, бұл көрсеткіш, қойылған міндеттерді орындау бойынша елімізде көшбасшы орынға ие болған Түркістан облысының жергілікті әскери басқару органдарының үйлесімді жұмысын айғақтайды.

Біз жоспарды орындап қана қоймай, жастарды Қарулы күштер, басқа әскерлері мен әскери құралымдар қатарында қызмет етуге сапалы іріктеу мен дайындауды қамтамасыз ете отырып, одан асып түсе алдық, - деп атап өтті департамент бастышы.

Көктемгі әскерге шақырудың сәттілігі көптеген факторларға байланысты, олардың бірі әскери қызметтің беделін арттыруға бағытталған жастар арасында кең ауқымды ақпараттық жұмыс болды. Ардагерлермен кездесулер, көрме іс-шаралары ұйымдастырылды, БАҚ-та мақалалар жариялау, бұл армиядағы қызмет туралы стереотиптерді жойып, жастардың үрейін жеңуге мүмкіндік берді.

Облыстың жергілікті әскери басқару органдары, білім беру мекемелері мен жергілікті билік органдары арасында тығыз өзара іс-қимыл жақсы жолға қойылған, бұл әскерге шақыруға байланысты мәселелерді жедел және сапалы шешуге мүмкіндік береді.

Күзгі әскерге шақыруға дайындық шеңберінде әскерге шақырылушылардың құқықтары мен міндеттері туралы



уәждеме мен хабардарлықты арттыру мақсатында жастарды әскери қызметтің артықшылықтары туралы белсенді хабарлар ету жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.

Сонымен қатар, өткізілген кеңес аясында көктемгі науқан кезінде көзге түскен әскери қызметшілер

Департамент бастығының қолынан грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Жалпы, Түркістан облысы жергілікті әскери басқару және билік органдарының, қоғамдық ұйымдар мен ардагерлердің үйлесімді жұмысының арқасында әскерге шақыру науқандарын сәтті өткізудің үлгісін көрсетуде.

## ОТАН АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТІ ПАРЫЗ

Жалпы ер жігіттің өмірінде әскерге баратын кезең келеді. Елін қорғау жолындағы борышын өтеу мақсатында бүгінде Жетісу облысы Ақсу ауданының азаматтары әскерге шақырту алып, құжаттарын жинауға кіріскен.



Алды мектеп, кейбірі арнайы оқу орындарын бітіріп, түрлі мамандық иесі атанған жасөспірімдер ендігі ретте Отан қорғаушы болмақ. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі» туралы заңына сәйкес, әскерге жарамды жастардың әскер алдындағы күндері аудандық жинақтау пунктінде өтіп жатыр.

Ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде күзгі әскерге шақыру науқаны қарсаңындағы зерделеу жұмыстары қарқынды жүруде. Ақсу ауданының 18-27 жас аралығындағы азаматтары әскер қатарына арнайы шақыртуды күтпей-ақ өзіне қажетті құжаттарымен тұратын мекенжайлары бойынша қорғаныс істері жөніндегі бөліміне өз еріктерімен келуіне болады,

өз Отанына қызмет жасауға жауапкершілікпен қарап белсенділік танытуға шақырамыз, - деді аға лейтенант Қуаныш Кәрімов аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жұмылдыру бөлімшесінің бастығы.

Отанды қорғау әрбір азаматтың асыл парызы екенін естен шығармайық.

Күзгі әскерге шақыру науқаны желтоқсан айының соңына дейін жалғасатынын айта кеткен жөн.

Айта кетсек, әскерге барып әскери борышын өтеп жүріп ерекше көзге түскен сарбаздар жоғары оқу орындарына тегін оқуға арналған мемлекеттік грантқа түседі.

**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі**

## БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАСТАЛДЫ

Қарағанды гарнизонының мерзімді әскери қызметшілері еліміздің жоғары оқу орындарында оқуға дайындықты бастады.



Қазіргі таңда Қарулы күштерде қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовтың бастамасымен қабылданған «Срочник 2.0» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осы бағдарлама аясында абыройлы әскери қызметшілер еліміздің әскери және азаматтық жоғары оқу орындарында ҰБТ нәтижелерін есепке алмай тегін оқуды таңдай алады.

Әскери бөлімдердің қолбасшылығы жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындық бойынша үздік студенттерді конкурстық негізде іріктейді.

Сарбаздар ай сайын жауынгерлік, физикалық және тактикалық дайындық бойынша бағаланады. Бұл жағдайда бағалар «Срочник 2.0» бағдарламасы бойынша қойылады. Әскери қызметкерлердің туыстары мен достары Қорғаныс министрлігінің сайтында іріктеу барысын онлайн бақылай алады. Үздіктердің үздіктеріне жоғары әскери және азаматтық оқу орындарына түсуге гранттар беріледі», - деп атап өтті 36352 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары, подполковник Тамирлан Кабышев.

Қатардағы жауынгерлер бұл бағдарламаны жоғары білім алудың тамаша мүмкіндігі деп санайды.

Мен колледжде білім алдым, спортпен белсенді айналыстым, спорт шеберіне кандидатпын және MMA бойынша Азия чемпионымын. Әскерде қызмет еткеннен кейін университетке тегін түсуге болатынын білген соң әскерге баруды жөн көрдім. Спорт арқылы қалыптасқан тәзімділік пен тәртіп маған жауынгерлік тапсырмаларды оңай орындауға көмектеседі. Ал жоғары білім алуға деген құлшыныс күнделікті әскери өмірде одан да күш пен қуат береді», - деп бөлісті әскер қатарына шақырылған Сәкен Сапаралиев.

Айта кетерлігі, «Срочник 2.0» бағдарламасымен қатар, әскери қызметшілерге қызмет мерзіміне несиелік демалыстар беріледі.



## ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Ұлт мұраттарының ұлы байлықтарының бірі біз, яғни жастар. Болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты. Өйткені олар – ертеңімізді жасайтын бүгінгіміз. «Тәрбиелі – тәртіпті құлы. Тәртіпті – елдің ұлы».

Жас ұрпақтың әрбір даму кезеңінде жетекші іс-әрекеті болады. Бұл іс-әрекет өзінің мақсаттары, мотивтері және орындалу тәсілдерімен сипатталады. Бұл жетекші іс-әрекет – өсуші жас ұрпақтың психологиялық мұқтаждарын қанағаттандыру мен таным немесе психикалық үрдістерін қалыптастыру болып табылады. Балалар жас кезінде еліктегіш келеді. Себебі, баланың мектеп уақытысында «ауыспалы кезең» деп аталатын кезең басталады. Осы «ауыспалы кезеңде» әр түрлі нәрсеге қызығушылықтары артып, жаманға да, жақсыға да еліктей түседі. Міне, дәл осы

уақытта балаға рухани тәрбие өте қажет. Жас ұрпаққа қажетті ең басты үш нәрсе ол, жақсы тәрбие, кемел білім және адал еңбек.

Нағыз ер жігіт деп кімді айта аламыз? Бойында ер жүректілігі, қайсарлығы және тұрақтылығы мен өжеттілігі бар ер адамды айтамыз. Бауыржан Момышұлы нағыз ер жігіт бейнесі қандай болу керек екенін өзінің афоризмдері арқылы айтып өтті: «Жігіт болсаң, жігеріңді жасытпа, қайратыңа қайта мін». Қайратты да, жігерлі де бола біліп, қауіп-қатерге қарсы тұра білу, қиындықтан қорықпау азаматтықтың

көрінісі.

Кең байтақ отанымыздың тыныштығын кірпік қақпай күзету, тәуелсіз мемлекетімізді көзіміздің қарашығындай қорғау: ол үлкен абырой мен міндет. Жауынгерлер қатарында болу әрбір ер азамат үшін – азаматтық борыш. «Жауынгерлік борышты өтеу – жеңіспен бірдей». Ер азаматқа тән шымырлық, тәзімділік темірдей тәртіпті жауынгерлер қатарында жүріп үйренетіні анық. Бауыржан атамның афоризмі арқылы жастардың мотивациясы ашылып, отанға деген сүйіспеншілігі артатыны айдан анық.

Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді енеге етіп қалдырған басқа жазушы жоқ. Оны мына афоризмі арқылы білуге болады: «Ел дегенде – езіліп, жұрт дегенде – жүгініп қызмет еткің. Елін сүйген жауынгер ер болады». Батыл әрі жауғүрек батыр, қаһармандығы тағы бар және қолбасшы қабілеті мықты, өзінің қол астындағы әскерлерді біріктіре алу қасиеті, шешендігі мен бұйрық бере білуі батыр Бауыржанның қолбасшылық тұлғасында ерекше көрініс тауып отырған. Қазіргі күні біздің жас буынға қалдырған афоризмдері мен нақыл сөздері әрбір жанның отанға деген махаббатын ашатыны анық.

Бауыржан Момышұлының афоризмдерін оқи отырып, бойымызға ұлттық рух, отан сүйіштік яғни патриоттық сезімдерді оятады. «Ұлттық рух – ұлы адамның және тұтастай алғанда ұлттың да асыл қасиеті», «Ұлттық мақтаныш – ұлт ішіндегі жеке

адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң». Афоризмдер адам бойына бірнеше сезімдерді оята отырып, терең мағынадағы айшықты ой-пікірді жеткізеді. Бауыржан Момышұлының афоризмдері бекерден бекер туындамаған. Оны айту, қалдыру кез-келген адамның қолынан келе бермейтіні айдан анық. Ол үшін ұлы ғұлама, терең ойшыл философ болу керек.

Мен Бауыржан Момышұлы батыр және Халық қаһарманы, стратег және мықты тактик әрі жазушы деп білемін. Менің пікірімше, – ол тек батыр емес, нағыз әскери психолог деп атап өткім келеді. Неге әскери психолог? Оны Бауыржан атамның мына сөздерінен байқасаңыз болады: «Адамның үйдегі психологиясы бір басқа да, соғыстағы психологиясы мүлде өзгеше болады. Бұл екі жағдайдағы психологияның арасы жер мен көктей».

Ұлттық рухты қалыптастыруда Бауыржан Момышұлының афоризмдерінің тәрбиелік мәні мол. Келешек ұрпаққа және жастарға беретін тәлімі, өнегесі және психо-моральдық құндылығы жоғары. Отансүйгіштікке, өз елінің патриотты болуға және батырлық пен қайсарлықты, тәртіп пен сыйластықты қатар алып жүруге елін, жерін құрметтеуге шақырады. Ол біздің, яғни жастардың мотивациясын оятып, нағыз тұлға болып қалыптасуда психологиялық тұрғыдан көмек береді.

**Аружан Баймуха Мағауияқызы**

## ВОЛЬНО!

СОТВОРИ  
ДОБРО ДЕТЯМ!

Военнослужащие воинских частей Регионального командования «Юг» помогли собраться в школу детям своих многодетных сослуживцев. Республиканскую акцию «Дорога в школу», ставшую уже традиционной, военнослужащие всегда поддерживают, считая своей святой обязанностью помочь тем, кто в этом нуждается. А инициаторами в этом добром деле становятся представительницы женсоветов – служб по организации работы с членами семей военнослужащих.

Дина МУХАРИНОВА  
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),  
пресс-служба Таразского гарнизона



В горно-егерском полку военнослужащие передали наборы канцелярских товаров и школьные рюкзаки многодетным семьям старшего сержанта Ербола Сейткерима и ефрейтора Нургаза Илесова. Руководитель женсовета части Жаная Отыншинова вместе с заместителем командира полка по воспитательной и идеологической работе майором Бериком Темешовым навестили школьников дома и передали им подарки.

В артиллерийской бригаде Гвардейского гарнизона помогли собрать в школу детей не только своих сослуживцев, но и некоторых жителей военного городка. Так, в гарнизоне не служит в армии, но проживает по соседству с военными многодетная

семья Камшат Болмановой. Один из ее детей - сын Кайрат - в этом году идет в первый класс, его и навестили артиллеристы во главе с руководителем женсовета части. Мальчик пойдет в школу с рюкзаком и школьными принадлежностями, подаренным военнослужащими.

В 5-й механизированной бригаде имени Бауыржана Момышулы в список тех, кому необходимо помочь со сборами в школу, вошли более двадцати семей. И каждой такой многодетной семье командир бригады подполковник Жаныбек Куранбеков вместе со службой по организации работы с членами семей военнослужащих уделит внимание.

Собрать даже одного ребенка в школу – это серьезная нагрузка на бюджет семьи, а если в доме много детей, а мама не работает, и единственный добытчик – глава семьи, наш военнослужащий, им, конечно, не легко, – соглашается подполковник Жаныбек Куранбеков. – И мы стараемся по мере возможности помочь таким семьям. Женсовет держит связь с ними, и мы их поддерживаем.

Служба по организации работы с членами семей военнослужащих регионального командования «Юг» постоянно обновляет списки многодетных семей, а также семей, где нет одного из родителей, стараясь никого не обделить вниманием. Даже простой набор канцелярских принадлежностей и детям, и их родителям: значит, в воинской части про них знают и помнят, и всегда готовы поддержать.

Целью акции является поддержка детей из малообеспеченных и многодетных семей во время подготовки к новому учебному году, чтобы дети не пропустили занятия по причине отсутствия школьных принадлежностей, – подчеркивает руководитель службы по организации работы с членами семей военнослужащих Регионального командования «Юг» Жанар Ашметова. – У нас чужих детей нет. Эта акция несет детям добро и радость, дарит им нашу теплоту и любовь.

УМНЫЕ ЧАСЫ  
НА СЛУЖБЕ У ВОЕННЫХ

С развитием современных технологий у военных появляется все больше приспособлений, помогающих в работе в сложных условиях местности и погоды. Одним из новейших направлений стал рынок так называемых умных армейских часов, способных работать под водой, в сильный мороз или в условиях пустыни.

Нариман ДЮСЕНОВ

Официального определения понятию тактические часы нет. Есть лишь набор характеристик, которыми они должны обладать. Главное – это прочность и многофункциональность. Кроме того, такие часы должны работать в экстремальных температурных условиях. Сегодня на рынке можно найти множество предложений смарт-часов на любой вкус потребителя. В их числе также есть образцы армейских тактических часов. Зачастую их цена несколько выше, чем у часов для повседневного использования.

Корпус часов подобного типа чаще всего изготовлен

из прочных материалов, таких как нержавеющая сталь, титан или полиуретан. Ремешки часов изготовлены из силикона или пластика. Как правило, такие часы водонепроницаемы, уверенно работают даже при мощном напоре воды. В зависимости от используемых функций армейские тактические часы способны работать автономно без зарядки до 14 дней.

Одними из лучших тактических армейских часов считается модель Garmin Tactix Charlie, выпущенная на рынок в 2018 году. В них есть датчик частоты пульса, встроенная память на 16 Гб, а также поддержка топографических карт. При помощи GPS часы могут определять местоположение, фиксировать контрольные точки на карте. Кнопки часов выполнены из нержавеющей стали, а экран защищен сапфировым стеклом. Ко



всему прочему часы оснащены барометрическим высотомером, датчиками температуры, системой мониторинга стресса. Их автономность составляет 12 дней.

Garmin Descent MK1 – многофункциональный подводный компьютер, который могут использовать военные водолазы. Часы оснащены барометрическим высотомером, трехосевым гироскопом, компасом, системой ГЛОНАСС, что позволяет отмечать точки погружения. Автономность часов при погружении

составляет до 40 часов работы.

Тактические часы Garmin D2 Delta обладают множеством функций. Эта линейка часов чрезвычайно полезна для летчиков. В ней имеется особая «функция акклиматизации», позволяющая определить уровень насыщения крови кислородом. Данные часы отражают все параметры полета, такие как высота, курс, скорость, температура за бортом и план полета. На экране также отображаются показатели здоровья пилота – пульс и удары сердца. Их официальная цена – 1 250 долларов.

ПАРИТЬ  
НАД ЗЕМЛЕЙ

История стремления человека к самостоятельным полетам насчитывает уже двадцать столетий. Появление вертолетов, самолетов и других летательных аппаратов отчасти осуществило эту заветную мечту. Однако, покорив небо, человечество продолжало искать пути самостоятельных полетов. На протяжении долгих поисков люди нашли универсальный способ летать – реактивные ранцы.

Принято считать, что первая разработка реактивного ранца принадлежит американскому ученому-изобретателю Венделу Муру. Однако еще в 1928 году патент своего реактивного аппарата зарегистрировал советский инженер Александр Андреев, который схематично изобразил возможность полетов человека на реактивной тяге. Технология Андреева предполагала быстрое нагревание и расширение сжиженного газа, который позволял бы человеку удерживаться в воздухе. Но, к сожалению, инженеру не удалось осуществить замысел, опережавший время.

Реактивные двигатели получили большое распространение в годы Второй мировой войны. Так, войска Вермахта применяли такого рода технологии в торпедах, ракетах и т. д.

Прообразом первого реактивного ранца стал двигатель немецкой модели самолета Мессершмитт Me 163, где в качестве окислителя применялся 80% стабилизированный пероксид водорода. В 1952 году изобретением американского изобретателя Т. Мура заинтересовалась армия США, выплатив ему грант в размере 25 тысяч долларов.

Во время тестовых испытаний аппарат Мура поднял человека на несколько секунд. Однако данный успех был единственным. Главным решением, приведшим к неудаче, было признано неудобное управление при помощи коробки с двумя маховиками. Потерпев неудачу, армия США свернула проект, но не оставила концепцию «мобильных солдат». Идея стала настолько популярной, что образы реактивных ранцев появились во многих кинофильмах.

Новая версия реактивного ранца увидела свет в 1958 году благодаря изобретателю Венделу Муру. Его модификация ранцев подразумевала два вида управления: наземное и воздушное. При наземном управлении оператор управляет потоками азотного топлива, а пилот управляет углом наклона сопел. В том же году изобретение Мура сумело поднять человека на пятиметровую высоту. Этот факт стал ключевым, и руководство армии США взяло в разработку проект Вендела Мура. Первым пилотом, сумевшим подняться в воздух на реактивном ранце, считается Гаральд Грэм.

Безусловно, в тот момент казалось, что у разработки Мура большое будущее. Однако по многим причинам, в первую очередь финансовым, разработка была приостановлена. Военные были разочарованы в концепции боевых «летучих солдат» и различные проекты их модернизации были приостановлены.

Лишь спустя 40 лет разработки в данной области были возобновлены. В 2008 году усилиями инженеров была создана модель реактивного ранца Martin Jetpack с мощностью двигателя 200 л/с. Создателем аппарата удалось решить одну из главных проблем – проблему топлива, а также увеличить высоту полета до двух с половиной метров. Однако и эта модель реактивного ранца также не вышла в массовое производство.



Причиной этого стало невыполнение компанией поставленных задач в указанные сроки.

Несмотря на описанные неудачи, многие высокотехнологичные державы (США, Китай, Россия) по-прежнему хотят модернизировать свои вооруженные силы, делая солдат более мобильными. В 2018 году лидер мирового рынка в области авиационных технологий компания JetPack Aviation представила ранец JB11, способный развивать скорость до 320 км/ч. Устройство оснащено шестью турбореактивными двигателями. Время в полете составляет 12 минут.

На сегодняшний день аппарат JB11 находится на седьмом уровне испытаний. Турбореактивная система вертикального взлета и посадки использует керосиновое топливо, но также рассматривается вариант с использованием водородного двигателя.

Система реактивного ранца оснащена системой «быстрого одевания и снятия», а также встроенным парашютом, который можно применить в чрезвычайных ситуациях. В будущем компания рассматривает

внедрение системы автономного режима полета. Также, согласно документам, вес пилота не должен превышать 105 кг.

По словам создателей аппарата, в будущем реактивные ранцы и костюмы станут полноценным транспортным средством. Эти модификации аппаратов уже являются предметом серьезного интереса со стороны вооруженных сил многих стран.

В связи с бурным ростом высоких технологий и всесторонним интересом министерств обороны многих стран ведется активная повсеместная разработка реактивных ранцев и костюмов. К примеру, компания Gravity Industries предлагает свое решение в области разработки реактивных костюмов. Костюм под названием Jet Suit имеет пять турбореактивных двигателей мощностью 1050 л/с. Управление производится руками путем изменения вектора тяги. Двигатель может иметь несколько вариантов топлива: дизель, керосин или реактивное топливо.

Свой первый полет реактивный костюм Jet Suit совершил в 2017 году. Его максимальная грузоподъемность составляет 85 кг. Полеты в различных погодных условиях составляли до четырех минут.



Основатель и главный испытатель компании Ричард Браунинг отметил, что Jet Suit уже был протестирован Министерством обороны Великобритании, морскому спецназу США, а также правительству одной из стран Юго-Восточной Азии. Он также добавил, что данный аппарат способен осуществить переброску одного или нескольких

бойцов на короткие расстояния независимо от погодных условий. По его мнению, в отличие от новейших модификаций вертолетов и БПЛА, реактивные ранцы или костюмы подобного типа будут способствовать ускорению десантирования бойцов в заданных координатах. Применение таких мобильных групп обязательно нанесет эффект неожиданности в экстренных ситуациях.

Использование реактивных средств передвижения типа Jet Suit или JB11 позволит эвакуировать бойцов с горячих боевых точек, максимально точно сбрасывать необходимые средства для оказания помощи. При эвакуации будет сокращено время на подъем солдат на борт транспортного средства. Сэкономленные драгоценные секунды позволят существенно сократить боевые потери.

Применение новых технологий реактивного передвижения является одним из приоритетных целей армий США и Европы. Так, Министерство обороны Франции было рассмотрен проект внедрения нового реактивного аппарата Flyboard Air, который показал свою эффективность в присутствии высшего командования страны.

Современные вооруженные силы сегодня становятся все более технологичными. Большие державы занимаются новейшими разработками, направляя все усилия на укрепление обороноспособности государства. Кроме того, одной из главных задач правительства является сохранение здоровья бойцов. Использование реактивных ранцев в значительной степени будет этому способствовать.



ИІРІМ

# «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

Жаңа оқу жылы қарсаңында барлық жерде «Мектепке жол» акциясы өтуде. Шымкентте әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің әскери қызметшілері де бұл шарадан шетте қалмады. Осы акция аясында 10216 әскери бөлімінің командирі полковник Орынбасар Жұбанов кіші сержант Мақсат Қуандықовтың үлкен отбасына барып, балаларға қажетті мектеп керек-жарақтарын, ойыншықтар мен тәттілерді табыс етті.



– Біз үшін әскери қызметшілерімізге қолдау көрсетіп, балаларына оқуда өте қажет сыйлықтармен қуанту үлкен бақыт. Шынында да, біздің барлағымыз ата-аналардың балдарын мектепке дайындау жолында қолдай отырып, олардың мектепке баратын жолы ең жақсы және бақытты болуы үшін белсенділік таныта алады, – деп атап өтті 10216 әскери бөлімінің командирі полковник Орынбасар Жұбанов.

Кіші сержант Қуандықов үлгілі әскери қызметші және балаларына жақсы әке болып табылады, оларда жауапкершілік сезімін және білімге деген ұмтылысты тәрбиелейді. Оның балалары жаңа оқу жылын және оқу мен өзін-өзі жетілдірудің жаңа мүмкіндіктерін асыға күтеді. Өйткені, мектеп – бұл білім алуға арналған орын ғана емес, сонымен қатар жеке қасиеттер мен мінезді қалыптастыруға арналған кеңістік.

Адамда әлеуметтік жауапкершілік сезімін тәрбиелейтін әскери дәстүрлер ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді және мұндай әрекеттер болашақ ұрпақты игі істерге шабыттандырады. Әрбір сыйлық, әрбір күлімсіреу балаларға жақсылыққа деген сенім мен жарқын болашаққа деген үміт сыйлайды, яғни олардың «мектепке баратын жолы» білім мен мүмкіндіктер әлеміне қызықты жолдың бастауы болады.

Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі

# ЖАС БҮЛДІРШІНДЕРДІ ҚУАНТТЫ

Талдықорғандағы 48386 әскери бөлімі «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырып өткізді.

Мақсаттары жас бүлдіршіндердің мектепке жақсы көңіл күймен барулары, жазғы демалыстың санаулы күндерін көңілді өткізіп, жаңа оқу жылына күш жігер жинап дайын болулары.

– «Мектепке жол» акциясын осы жылы мектеп талбыдырығын алғаш рет аттағалы отырған 1-ші сыныпқа баратын он алты оқушыға арнадық. Акцияны жылда өткізу біз үшін дәстүрге айналған. Сондай-ақ балаларға мерекелік шара ұйымдастырып жақсы көңіл күй сыйлау, – дейді әскери бөлімнің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру комитетінің төрайымы Әйгерім Бекбаева.

Шара барысында балаларға мектепке қажет құрал-жабдықтары табысталды. Сонымен қатар балалар тәтті сусындары мен тәттілерін алып, шақырған кейіпкерлермен түрлі ойындар ойнап ата-аналарымен естелікке суретке түсті.

Арнайы балалар үшін ұйымдастырылған шарада балалар жақсы көңіл күймен демалып қайтты.



# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАДІРЛІ ІС

Көп балалы отбасыларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» қайырымдылық шарасы Талдықорғандағы 54380 әскери бөлімінде биыл да жалғасын тапты.

Мектепке баратын балалардың қадамдарына сәттілік тілеп, жаңа оқу жылына дайындық жасап жүрген ата-аналарға жәрдемдесіп, көмек көрсетуді, сондай-ақ балалардың көңіл-күйлерін көтеруді мақсат еткен қайырымдылық шара жиналғандардың көңілінен шықты.

54380 әскери бөлімінің Әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі бөлімімен бірлесе отырып, қайырымдылық шараға атсалысқандар демеушілік танытудан аянып қалмады. Атап айтсақ, «Форте банк» акционерлік қоғамы көп балалы әскери қызметшілердің он баласына оқу

құралдары мен мектеп сөмкелерін табыс етті.

– Біз осындай шараларды жылда ұйымдастырып отырамыз. Көп балалы отбасынан шыққан бүлдіршіндерге мектепке қажет болатын заттарды сыйға тартып, оларға қуаныш сыйлағанның өзі үлкен бақыт, – дейді майор Асхат Оспанов 54380 әскери бөлім командирінің Тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары.

Балалардың мектеп алдындағы көңіл-күйлерінің көтеріңкі болуына себепкер болған 54380 әскери бөлімінің басшылығына ата-аналар да өз ризашылықтарын білдірді.



# ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛҒАН ЕКІ ДЕСАНТШЫ

Қырғызстанда гір тасын көтеру спорты бойынша өткен әлем біріншілігінде десанттық-шабуылдаушы әскерлерінің 18404 әскери бөлімінің екі әскери қызметшісі өнер көрсетіп жүлделі оралды.



Жүлдегерлерді әскери бөлімнің жеке құрамымен әскери бөлім командирі подполковник Алмас Төлегенов салтанатты түрде қазақтың салт дәстүріне сәйкес иықтарына заманауи шапан жауып зор ықыласпен күтіп алды.

Әлем чемпионаты Шолпаната қаласында өтіп, оған әлемнің 28 елінен 500-ден астам спортшы бақ сынасқан. Тартысты додада 68 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде шыққан кіші сержант Ержан Төлеубаев жеңіске жетіп алтынды олжалап екі дүркін әлем

чемпионы атанды. Бұл Ержанның осы деңгейдегі жарыстарда олжалаған екінші алтын. Ал, 85 келі салмақта өнер көрсеткен сержант Дастан Аблезов үшінші орынды қанағат тұтты.

Айта кетсек, спортшыларымыз енді 2025 жылы Грецияда өтетін тартысты додаға қарқынды түрде дайындалмақ.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі

SARBAZ



ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығады

Меншік иесі: «ГИС Әскери Медиа» ЖШС

Шығарушы редакторлар Тимур АУБАКИРОВ Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Тілшілер:

Рима ӘБЕУОВА

Нариман ДЮСЕНОВ

«Шығыс» Өңк аймақтық тілші

Алу ИСКАКОВА

«Астана» Өңк аймақтық тілші

Фархат КИНЖИТАЕВ

Дизайнер

Адил ШЕРИМБЕТОВ

Корректорлар

Сымбат НҰРХАЙДАРОВА

Наталья ВАРНАВСКАЯ

Газет «Сарбаз» деген атаумен 2007 жылдың 2-тамызынан бастап шығады. ҚР Инвестициялар және даму министрлігінде 2015 жылдың 30-сәуірінде тіркелген, куәлігі №5340-Г Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасымен әрқыз сәйкес келе бермейді. Қолжазба мен фотосурет рецензияланбайды және кері қайтарылмайды. Редакция автор материалын мазмұнын сақтай отырып өңдеуге, қысқартуға құқылы. Газет жұма күні шығады. Бағасы келісімді.

Редакцияның мекенжайы: ҚР, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Долақ ана көшесі, 11 үй. Вебсайт: www.sarbaz.kz Тел/факс: 8 702 712 36 70 E-mail: INF.O@SARBAZ.KZ Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылып шығады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223-Б Көлемі 3 б. т. Орфеттік басылым. Индекс 604204 Таралымы 23811 дана Тапсырыс №35